

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық аудит мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру бойынша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 1 қыркүйектегі N 240-ө
Өкімі

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экологиялық аудит мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңын (бұдан әрі - Заң) іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Заңның күшіне енген күнінен бастап екі ай мерзімде "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 тамыздағы N 889 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін және Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің "Экологиялық аудиторларды аттестаттау бойынша біліктілік комиссиясының құрамын және жұмыс ережелерін, сондай-ақ экологиялық аудиторларды аттестаттау ережесін бекіту туралы" бұйрығы қабылдансын.

Премьер-Министр